

25.03.2023ж

Қатысатын педагогтар саны:22

Қатысқаны:20

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі балалардың қатынас барысында тілін дамыту».

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдерін дамытуда жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану» (Баяндама)
2. Танымдық ойын –жаттығуларды балаларға үйретудегі педагогтардың жұмысына талдау.
3. Педагогтардың шығармашылық жұмыстары

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Мухашова айтып өтті.

Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары, ақпарат ағындығының қарқындылығы білім беру жүйесіне қойылатын талаптарды да жетілдіріп отыр. Бірақ қандай заман, қандай реформа болсын, білім беру саласында басты тұлға мұғалім қала бермек. Білім ошақтарының, педагогтың алдындағы басты мақсаты-жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы мақсатқа жету жолында білім беру жүйесінің үштағаны-«Нені оқыту?», «Қалай оқыту?», «Не үшін оқыту?» деген сұрақтарға әр педагог өзінше жол іздеп, өзіндік ізденіс бағытын айқындайды. Бұл талаптарды жүзеге асыру, көбінесе балалардың тілді қаншалық меңгергеніне байланысты. Өйткені бала білім алудың барша іскерлік дағдыларын ана тілі арқылы бойына сіңіреді. Жоғарыда айтылған ізденіс бағыттарын іске асыру жолдары, ең бірініші, оқытудың негізгі формасы – ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде ойын арқылы жүзеге асады. Себебі баланың өмірге қадам басардағы алғашқы әрекеті-ойын, сондықтан да оның мәні ерекше.Ойын бала тілін дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады.Қай бала болмасын ойынмен өседі.Өйткені бала ойын үстінде еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды.Сөйлеу тілі баланың үш жасынан бастап қалыптасады. Яғни мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың түп негізі- балабақшада қалыптасады. Сәби кезеңнен оның сөйлеуіне, сөздік дыбыстарды анық, дұрыс айта білуіне назар аударып, ойлау, сөйлеу тілін жетілдірудің тиімді жолдарын қолдану қажет.Балаларды оқыту мен дамытудағы негізгі құрал – тәрбиешінің тілі. Сондықтан үлкендер балаларға үлгі болатындай дұрыс, бейнелі сөйлеуі балалар тілінің тез дамуының алғы шарты. Балабақшада тәрбиелеу мен білім бастауын беруді жұмыстың әр түрлі әдіс-тәсілдерімен, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибелерімен тәрбиеші-педагог өз білімін толықтырып отыру керек.

Жалпы білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болып есептелетін мектепке дейінгі мекеменің мақсаты балалар қазақ тілінде сөйлеп, мектеп табалдырығын аттағанда білетін сөздерін емін-еркін қолдана алатын деңгейге жеткізу.

Сұрақ болған жоқ

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскер Ж.Муханбердиева айтып өтті.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ойлаудың барлық түрлерінің дамығаны жақсы. Бұл кезеңде бейнелі және схематикалық ойлау маңызды ролді атқарады, сол себептен ең бастысы ойлаудың осы түрлерін зерттеу керек. Бір ғана сөздік-логикалық ойлауға арналған тест арқылы ойлау іс-әрекетін анықтап, бала заттың сыртқы бейнесіне немесе схемасына қарамай, сөздік логикалық операцияларға негізделу арқылы ойлау іс-әрекетінің ішкі жоспарынан сыртқы жоспарына өту кезінде жіберілген қателіктерді білуге болады. Мектеп жасына дейінгі кезеңде ойлау мен қабылдаудың даму деңгейіне диагностика жүргізген кезде заттарды тексеру барысында мынадай қателіктерге назар аудару қажет. Яғни бала затты жеке емес тұтас алып қарастырады. Сол себептен қабылдау көп уақытты алады, ал бейнелерді жүйелеу қиынға соғады. Баланың заттарды дұрыс қабылдамауының негізі оның жүйесіздігінде, яғни балалар міндетті түрде заттарды қолдарымен ұстап, бір-біріне тигізіп, салыстырып көрулері қажет. Балалардың сенсорлық эталондары дұрыс дамымаған, яғни олар мөлшер, түс, форма секілді түсініктерді білмейді, ол 3-4 жаста қалыптасады. Танымдық ойын – жаттығуларды балаларға үйретудегі педагогтардың жұмысына талдау жүргізілді.

Сұрақ болған жоқ

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші М.Джолдасова айтып өтті.

Педагог – зиялы тұлға. Өзін жинақы, сүйкімді ұстайды. Прогрессивті көзқарастарды алға тартады. Сыни көзқарасы қалыптасқан, ұстамды, өзгелердің пікіріне сыйластықпен қарайды. Жүйелі түрде өзіне - өзі баға беріп, рефлексия жасап отырады: мәдениеті, эрудициясы жоғары, эстетикалық, көркемдік талғамы бар. Саясатқа, білімге, өнердегі жаңалықтарға қызығушылық танытады. Шығармашылықпен өзін - өзі үздіксіз дамытып отырады. Педагог – рухани бай тұлға. Оның рухани байлығы балаға деген махаббатынан, жоғары адамгершілік және ұят сезімінен көрінеді. Ол өзінің оқушылары және әріптестерінің пікірімен санасады. Тұлғаның рухани байлығы өмірдің мәнін және өмір сүру мақсатын, өзінің кәсіби шеберлігін айқындауына ұмтылуында болып табылады. Педагог адамдардың қарым - қатынасына, әлем сұлулығына ерекше мән береді. Онда эмпатия мен рефлексия жоғары дамыған. Ол жаңа өсіп келе жатқан баланың рухани әлемінің байлығын түсінуге тырысады, сондықтан да өзінің планетарлық, тіпті космостық ойлау үрдісін дамытады. Педагог – шығармашыл тұлға. Ол бірсарындылықты ұнатпайды, сондықтан үздіксіз ізденіс үстінде, жаңашыл. Ойлап шығару, жүзеге асыру – оның қалыпты кәсіби үлгісі. Педагогтардың барлығының шығармашылық жұмыстары бар олар осы шығармашылық жұмыстарын әрі қарай дамытып, жұмыстанып келеді.


Сұрақ болған жоқ.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес төмендегідей шешім етті:

Шешім:

- «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдерін дамытуда жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану» тақырыбындағы баяндама жақсы деп бағалансын
- Танымдық ойын –жаттығуларды балаларға үйретудегі педагогтардың жұмысына талдау жақсы деп бағалансын
- Педагогтардың шығармашылық жұмыстарын әрі қарай қадағалау шығармашылық жетекшісіне тапсырылсын

Педагогикалық кеңестің төрайымы :

Хатшы : 

К.Корпелиева

Ж.Муханбердиева